



Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындары квотасын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының әкімдігінің 2016 жылғы 4 қазандағы № 229 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 24 қазанда № 4012 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 21 ақпандағы № 46 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы әкімдігінің 21.02.2017 № 46 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы", 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңдарына сәйкес, Қарқаралы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Меншік түріне және меншіктің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанына қарамастан ұйымдарда қызметкерлердің тізімдік санынан пайызбен көрсеткенде қосымшаға сәйкес мүгедектер үшін 2%-дан 4%-ға дейінгі көлемде жұмыс орындары квотасы белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қарқаралы ауданының әкімі

К. Максұтов

Қарқаралы ауданы әкімдігінің
2016 жылғы 04 қазандағы
№ 229 қаулысына
қосымша

Мүгедектер үшін жұмыс орындары квотасы белгіленетін ұйымдардың тізімі

№	Ұйымның атауы	Қызметкерлердің тізімдік саны	Квотаның көлемі (% қызметкерлердің тізімдік санынан)	Мүгедектер үшін жұмыс орындарының саны
1	"Қарқаралы аудандық орталық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын	448	4	17
	"Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының			

2	психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	157	3	4
3	"Қарқаралды ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі	334	4	13
4	Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігі орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" республикалық мемлекеттік мекемесі	121	3	3
5	"Алтай полиметалл" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі "Теректі Кен-Байыту Комбинаты"	324	4	12
6	"Егіндібұлақ Агротехникалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	58	2	1
7	"Мыңжасар Әдекенов атындағы Қарқаралы ауылшаруашылық колледжі" коммуналдық қазыналық мемлекеттік кәсіпорыны	86	2	1
8	"Казпошта" акционерлік қоғамы Қарағанды облыстық филиалының Қарқаралы аудандық пошта байланыс торабы	86	2	1
9	"Қарқаралы қаласының Мәди Бапиұлы атындағы № 44 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	90	2	2
10	"Қарқаралы қаласының Әлімхан Ермеков атындағы жалпы білім беретін № 2 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	82	2	1
11	"Қарқаралы қаласының академик О.А.Жаутыков атындағы жалпы білім беретін № 1 қазақ орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	120	3	3
12	"Қарқаралы ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	50	2	1
13	Қазақстан Республикасы "Қазақтелеком" Акционерлік қоғамы филиалы Қарағанды облыстық телекоммуникация дирекциясының Қарқаралы аудандық өндірістік телекоммуникация торабы	55	2	1